

# Ауғанның отты жалыны

**Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінде осындай атаумен ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші өткізілді. Шараға ауған ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Батырханұлы, Тимур Шәмілұлы, Мұхит Ескенұлы сынды интернационал жауынгерлер қатысты.**

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына биыл – 31 жыл өтсе де, сол кездегі жауынгерлер бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері, соғыс жарасынан айыға алмай келеді. Бүгін сол ардагер жауынгерлерді қадірлеп – құрметтеу біздің борышымыз. Кездесуде қонақтар біз кітаптың бетінен ғана оқып - білген бұл соғыс туралы естеліктерімен бөлісті. Сол бір сұрапыл уақытта қаншама отандасымыз қаза тапты, із – түссіз жоғалып кетті. Бұл күн көңілде сызы, жүректе ізі қалған ауыр да азапты жылдар естелігі. Бұл күн біздер үшін қайғы болып қатталып, қасірет болып жатталып қалса да тәуелсіз қазақстанның әрбір күні бейбіт өмірдің бесігінде тербетіліп, әрбір үйдің түтінінің түзу шыққанын тілейтін біздер үшін, санамызда қанмен және термен жазылған күн болып қала бермек! «Ерлік – жан – дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышу — бір ғанибет емес пе? Ер қуаты – қару болса, ел – қуаты батырлары, сақадай сарбаздары мен сардарлары. Халық қашан да қаһарман ұлдарын пана тұтқан. Отан үшін күрес, елге тиген үлес. Осындай бейбіт өмір сүруіміз үшін аянбай жанын қиып, қанын төккен батырларымыздың арқасы!

**Ниязбек ОРАЗОВ,**
**Н. Құлжанова атындағы ТГК алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы.**